

XIX ғасырдың I жартысындағы қазақ әдеби тілі

Жоспар

- Қазақ даласындағы саяси-әлеуметтік жағдай
- 2. Қазақ әдеби тілін танытатын үлгілер
- 3. Қазақ лексикасында сапалық өзгерістердің көріне бастауы
- 4. Орыс сөздерінің ене бастауы
- 5. Қазақ әдеби тілінің грамматикалық сипаты
- 6. Қазақ әдеби тіл дамуында Махамбет, Дулат ақындар тілінің алатын орны

■ *Дәрістің мақсаты:*

XIX ғасырдағы қазақ әдеби тіліне жалпы сипаттама беру;

Дәрістің міндеті:

Осы кезеңнің әдеби тілін танытатын тілдік деректерге талдау жасау; Жыраулық, ақындық дәстүрдегі сөз саптау тәсілдерін ажырата көрсету; Ресми қағаздар стилін танытатын материалдар тілімен таныстыру.

Қазақ даласындағы саяси-әлеуметтік жағдай

- Хандық құрылыс жойылып, әкімшілік, сот-билік жүргізудің жаңа тәртібі орнай бастады;
- Сауда-саттық күшейді, Ресей саудасы бел алды. Жәрменкелер ашылды;
- *Саудагер, өсімқор, алыпсатар, жатақтар* деген әлеуметтік топтар шықты;
- 1822 жылғы устав бойынша қазақ балаларына орыс мектептеріне оқуға құқық берілді;
- II Екаториананың 1783 жылғы жарлығымен мешіттер салынып, онда Қазан татарларының дін иелері қызмет етті.

Осы кезеңдегі әдеби тілді танытатын нұсқалар:

1. Махамбет Өтемісұлы (1803-1846), Алмажан Азаматқызы (1823-?), Дулат Бабатайұлы (1802-1871), Сегіз сері Шақшақұлы (1818-1854) Шөже, Шортанбай Қанайұлы (1818-1891), Шернияз Жарылғасұлы (1817-1881), Шөже Қаржаубайұла (1808-1895), Сүйінбай Аронұлы (1823-1896)
1. Байтоқ, Жанұзақ, Жанак, Орынбай, Абыл, Нұрым, Бала Ораз, Нысанбай, Кете Жүсіп, Сүйінбай т.б. ақын-жыраулардың шығармалары

Ақын-жыраулар поэзиясының тіліндегі ерекшеліктер:

1. Әлеуметтік, саяси мәселелерді қозғайтын нағыз ақындардың айтыс жанры пайда болды;
2. Кейбір авторлардың шығармалары ХІХ ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап кітап түрінде басыла бастады;
3. Жаңа заман лебімен бірге тың қолданыстар тілге ене бастады;
4. *алаш, қырым, байтақ, қарындас, көбек, бұлу, тентек, астана жұрт, аса жұрт* сөздері мен тіркестері образдық мақсатта қолданылды;
5. *хан, ханзада, ханым, ханша, төре, сұлтан, бек, би, ақсүйек, қазы, бай, кедей, төлеңгіт, жатақ, қарашы, қара қазақ, қара жұрт т.б.* әлеуметтік атаулар тура мағынасында қолданылды;
6. *сауда, саудагер, ақша, бұл, сату, батпан, таразы* сөздерінің қатарында: *пайда, өсім, қарыз, теңге, сом, кір* сөздері пайда болды;

- ұлық сөзі терминдік мәнге ие болды;
- *молда, сабақ, хат, шайыр, ділмар, шешен, ұстаз, жыршы, жаршы, медресе, өнерпаз, кітап, бәйіт т.б.* сөздері сөздік қорға қосылды;
- Махамбет, Дулат, Шортанбай шығармаларындағы не көне, не диалект, кірме сөздер деуге келмейтін жекеленген авторларда ғана кездесетін бірқатар сөздер бар.
- *сой, байтақ, шандоз, жандасу, қасқару, жұрт сұрау т.б* қолданыстары қазіргі тілде диалектілік сипатқа ие

Бұл кезеңнің өткен кезеңдерден айырмашылығы – қазақтың әдеби тіліне орыс сөздерінің сирек те болса ене бастауы

Сөйлеу тілінде: *соха, борона, пикет, хутор, чашка, стақан, поднос, жарма* сөздері, әскери-әкімшілік саласынан *комендант, пристав, майор, солдат, поштабай, сот, атбекет* сөздері қолданылған;

Әдеби тілде: *болыс, стариын, майыр, сот, медәл, піркәшік, тілмәш* (толмач түрінде орыс тіліне енген түрік сөзі), *солдат, барабан, кір, без, базар, самауыр, тарантас, Петірбор т.б.* сөздері кездеседі

Махамбет өлеңдерінің тілі

Махамбеттің орны —жыраулық пен ақындықтың түйіскен жері, ол — жыраулар тілінің нәрі мен барын алып, оны ақындық дәстүрге қиюластырған қаламгер (Р.Сыздық)

Махамбет тілінің ерекшелігі:

1. Нақты тақырыпты жырлаған

2. Шалкиіз, Доспамбет, Қазтуғандарда кездесетін образдарды қайталау кездеседі

3. Өзіне дейінгі жыраулар сияқты Махамбет те жаугершілік лексиканы мол қолданады

4. көне сөздер көп қолданылады (Шалкиіз, Қазтуған, Доспамбеттерде кездесетін сой, тарлан, тарпан, араша, баттауық, сайғақ, Еділ-Жайық, емсеу, жемсеу және қазіргі кезде мағынасы күңгірт болып кеткен *қалықпан, ереуіл, толағай, жетім (тұтқын), керіскек, қырқарлану, ала, алаулау, маңғыстау, қары, астана жұрт* т.б. сөздері)

ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ

- Қилы-қилы заман-ды,
- Заманға сай адам-ды,
- Салғастырып қарасам,
- Су мүйіз болған танадай,
- Шыр көбелек айналам.
- Кешегі бір заманда,
- Қайран, қазақ, қайтейін,
- Мынау азған заманда
- Қарасы – антқор, ханы – арам,
- Батыры көксер басы аман,
- Бәйбіше – тантық, бай – сараң.

- Бозбаласы – бошалаң,
- Қырсыға туды қыз балаң.
- Нары – жалқау, кертабан,
- Құсы – күйшіл, ат – шабан,
- Жырғалаң жоқ, жобалаң,
- Ебі кеткен ел болды,
- Енді қайда мен барам?

Махамбет Өтемісұлы

- Таудан мұнартып ұшқан тарланым,
 - Саған ұсынсам қолым жетер ме,
 - Арызым айтсам, өтер ме?
 - Арыстаным, көп болды-ау,
 - Саған да менің арманым!
-
- Мен ақсұңқар құстың сойы едім,
 - Шамырқансам, тағы кетермін,
 - Кетпей де нешік етермін,
 - Бұл барғаннан барармын,
 - Қиядан орын алармын...

- XIX ғ. I жартысындағы саяси-әлеуметтік жағдай туралы не білесіз?
- XIX ғ. I жартысында қазақ жеріндегі оқу-ағарту ісі туралы не білесіз?
- XIX ғ. I жартысында қазақ әдебиетіндегі дидактиканы нақты өмірмен байланысты әлеуметтік тақырып ығыстырды дегенді қалай түсінесіз?
- XIX ғасырдағы поэзияны тудырушы сөз зергелерінің өмірі мен шығармашылық дәуірін шартты түрде қандай 2 кезеңге бөөлуге болады?
- Махамбет өлеңдеріндегі қайталауды қалай сипаттауға болады?
- Махамбет өлеңдері мен Маңғыстау жыраулық дәстүрі арасындағы үндестік қандай құбылыстардан көрінеді?
- Махамбеттің жыраулық әрі ақындық қуатына Р.Сыздық қандай баға берген?
- Махамбет қолданысында топонимикалық атаулар қандай мәнде /образда/ алынады?
- Махамбет шығармалары тілінде *халық*, *ел* сөздерінің қандай синонимдері қолданылған?

- Махамбет қолданған қандай көне сөздерді білесіз?
- Дулатты неге жырау демей, ақын дейміз?
- Дулат ақын қолданған перифразаның қандай түрін білесіз? /мысал келтіріңіз/
- ХІХ ғ. І жартысындағы әдеби тілдің лексикалық құрамы туралы не айтасыз?
- ХІХ ғ. І жартысындағы әдеби тіл лексикасында орыс сөздері бар ма?
- ХІХ ғ. І жартысындағы қазақ әдеби тілінің грамматикалық сипаты қандай?
- ХІХ ғ. І жартысындағы қазақ әдеби тілінің алдыңғы дәуірмен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері қандай?
- Махамбет тіліндегі араб, парсы сөздері қандай мағналық реңкте қолданылады?